

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 04 сәуірдегі "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 23/02 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қазандағы № 106/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 4448 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 04 сәуірдегі № 23/02 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4219 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылы 2 мамырда, "Жаңаарқа" аудандық газетінің №16-17 (9805) санында 2017 жылы 25 сәуірде жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін
атқарушы*

Қ. Қожықиев